



Аманжолов жайлы материалдар жоқтың касы. Ал Қазақстанның Ұлттық кітапханасы сайтынан (ululy.ru/1gk.kz) Қасымның кітабы түрін, ақын туралы бір ақпарат таба алмайсыз. Дауылпаз ақын жайлы барлық кітапханалар топтама эзірлеуі міндettі емес, эрине. Алайда, ұлттық және облыстық ірі кітапханалар интернет-ресурстарында дархан дарын иесі жайлы мәлімет беріп жатса, иғі емес пе?!

Tinti Қасым Аманжоловтың

Қасымның кітапханасы ашылды

Жаңа медиа технологиялар дамыған сайын кітаптарды цифrlау және оқырмандар үшін интернетке енгізу заман талабы болып отыр. Осы орайда, жақында аймақтық Н.Гоголь атындағы кітапхана үйімдастыруымен «Қыран канатты ақын» атты веб-топтама өзірленді (www.karlib.kz/kasym). Әлемторға жол тартқан бұл веб жоба - Қазақ Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен дауылпаз ақын Қ.Аманжоловтың ғасырлық тойына тарту болмак.

Осы веб-топтама негізінде «Қазақ жырының алдаспанны» деген Қасымның виртуалды кітапханасы ашылды. Жанартау ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты біркітаптар цифrlаудан өткізілді. Яғни, Қасымның кітаптары һәм ақын жайлы материалдарды электронды нұсқада «сайрап» түр. Оның ішінде колжазбалар мен сирек кездесетін дүниелер тағы бар. Демек, галамтор арқылы кез келген жерде отырып, ақын кітаптары мен макалаларының электронды көшірмелерімен таныса аласыз. Сондай-ақ, Қ.Аманжоловтың е-кітаптарын компьютерінізге тегін жүктей алатында мүмкіндік бар.

Әрине, отыздан аса кітапты әрі мындаған бетті цифrlау, оның pdf-нұсқасын жасау еріккеннің ермегі емес. Өте үлкен қажырлы еңбек. Сондыктан, виртуалды кітапхананың мақсаты - жаңа ақындардың жаңы күштар өскелең үрпактың зердесіне сәулө түсіріп, нағызын ояту болса керек.

Біздіңше, еліміздегі он екі мын кітапхананың біреуі де колға алмаған жұмысты - ғылыми-әмбебап кітапхана майнына алғандай. Мәселен, ұлттық электрондық кітапханада (www.kazneb.kz) Қасым

есімі берілетін Қарқаралының орталықтандырылған кітапханасы сайтынан (www.karkaralinsk.kz) көрнекті ақын хакында мәрдымды ақпарат ала алмайсыз. Оқырмандар үшін библиографиялық көрсеткіштің өзі жоқ, «Қасым Аманжолов - қазақ совет поэзиясының аскар биіктерінің бірі» деп қана қоймай, интернеттегі тегін рефератты (қатесімен бірге) сайттарына «жапсыра» салған. «Дайын аска тік қасық» дерсіз мұндайда. Кітапхана Чехов, Гоголь мен Толстойның орнын Қасымға кия алмай отырғанын да сайттан байқау қын емес. Болашакта бұндай олқылыктарға жол берілмесе еken...

Облыстың ғылыми-әмбебап кітапханасында осындай серпінді жобалар жүзеге асып жатыр. Виртуалды кітапхананың электронды қоры әл де толықтырылады. Авторлық құқықты ескере отырып, кейір кітаптардың тек мазмұны мен алғы сөзі ұсынылады. Келешекте Алаштың Қасымына арналған танымдық компакт-диск эзірлеу және электронды-такырыпты папка дайындау жоспарланған еken. Орайы келгенде, кітапхана басшысы, қасымтану жанашыры Дина Базарбайқызының және өлкетану болімі мен цифrlау лабораториясының менгерушісі Сандуғаш Телпекбаеваның еңбегі мол екенін атап өткіміз келеді.

Асылы, аймақтық кітапхана Қасым рухын бір көтеріп тастады. Ал, ақынның есімі кітап ордасына берілсе, сол рух аспандай түсетін бе еді?!

Дулат АМАНЖОЛ.

ҚАРАҒАНДЫ.